



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2025 жыл

Есбол селосы

№ 139

село Есбол

**«Ата-аналарды педагогикалық  
қолдау» орталығын  
құру туралы**

«Өркен» БӘАҰҒПИ» КЕАҚ әзірлеген «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық 3.0»-ге сәйкес, мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимылын күшейту, ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Самалихова бекітілсін.
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы әлеуметтік педагог Ш. Дюсекеноваға, мектеп психологі С. Сыдыховаға және 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.
4. «Ішкі күш» – балалар мен ата-аналарға арналған тренинг бағдарламасы, «Бала қауіпсіздігі» – балалар мен ата-аналарға арналған бағдарламасы; «Өркендеу жолындағы серіктестік» – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған бағдарламасы. Жаңа оқу жылында АПҚО қызметінде жаңартылған АПҚО 1.0 (15 сабақ) және АПҚО 2.0 (18 сабақ) бағдарламалары вариативті түрде енгізілсін.
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау мектеп тәлімгері А. Сарсеноваға міндеттелсін.



## БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГТІК САБАҚТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

### Тренингтік сабақтардың мақсаттары мен міндеттері

Сабақтың нөмірі	Балаларға арналған сабақтар	Ата-аналарға арналған сабақтар	Бірлескен сабақтар
1-кездесу	<p>Мақсаты: қауіпсіз қарым-қатынас пен ұйымшылдық үшін жағдай жасау, топта сенім мен жайлылықтың негізін қалау.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қатысушыларды бір-бірімен таныстыру;</li> <li>- ойын жаттығулары арқылы жасөспірімдерді топ жұмысына тарту;</li> <li>- эмоционалды реакциялар мен қауіпсіздік сезімдері туралы негізгі түсінік беру.</li> </ul>	<p>Мақсаты: ата-аналарға жан жарақаты тәжірибесінің балаға әсері туралы негізгі білім беру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналардың мазасыздық деңгейін төмендету;</li> <li>- баланы эмоционалды қолдаудың маңыздылығын түсіндіру;</li> <li>- ата-аналарға өз жағдайын тұрақтандыру әдістерін үйрету.</li> </ul>	<p>Мақсаты: бірлескен іс-шаралар арқылы балалар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- эмоцияларды саналы қабылдау және оларды реттеу дағдыларын дамыту;</li> <li>- отбасында қауіпсіз және қолдау атмосферасын қалыптастыру.</li> </ul>
2-кездесу	<p>Мақсаты: балаларға эмоцияларын жақсы түсінуге көмектесу, сезімдерді қауіпсіз білдіру дағдысын дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- эмоционалды реакцияларды бақылау сезімін күшейту;</li> <li>- балаларды денедегі эмоцияларды тануға үйрету.</li> </ul>	<p>Мақсаты: ата-аналарға өздерінің эмоцияларын және олардың балаға әсерін жақсырақ түсінуге көмектесу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- эмоцияларды саналы түрде басқару дағдысын дамыту;</li> <li>- қиын жағдайларда баланы қолдау үшін нақты құралдар беру</li> </ul>	<p>Мақсаты: эмоцияларды талқылау үшін қауіпсіз кеңістік құру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты нығайту;</li> <li>- сезімдер мен қолдау туралы қауіпсіз диалог тәжірибесін беру</li> </ul>

3-кездесу	<p>Мақсаты: балаларға өздерінің күші мен ресурстарын көруге көмектесу, өмірдегі қолдау мен мағыналы сәттерді түсіну қабілетін дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз қасиеттері мен құндылықтарын ұғынуды арттыру;</li> <li>- эмоцияны қауіпсіз білдіруге үйрету;</li> <li>- өз-өзін позитивті қабылдауды қолдау.</li> </ul>	<p>Мақсаты: ата-аналарға бала үшін қауіпсіз және тұрақты атмосфераны құрудағы рөлін түсінуге көмектесу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың эмоцияларын қолдау және түсіну дағдыларын дамыту;</li> <li>- болжау, рәсімдер және жағымды қолдау балаларға өздерін сенімді сезінуге қалай көмектесетінін көрсету.</li> </ul>	<p>Мақсаты: күрделі оқиғалар туралы диалог үшін қолайлы мүмкіндік жасау.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балада оң сәйкестікті қалыптастыру;</li> <li>- ата-ананың балаға және өзіне деген сенімін нығайту;</li> <li>- баланың жетістіктерін қолдау мәдениетін қалыптастыру.</li> </ul>
4-кездесу	<p>Мақсаты: өзін-өзі қорғау дағдыларын, сенімді мінез-құлықты және көмек сұрай білуді дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өз шекараларын қорғауға үйрету;</li> <li>- қысым немесе қауіп жағдайында әрекет ету алгоритмін беру;</li> <li>- көмек сұрау дағдыларын бекіту</li> </ul>	<p>Мақсаты: ата-аналарға жарақаттану жағдайларының алдын алуға, баланы қысым көрсетпей қолдауға үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналарға баланың мазасыздығын тануға көмектесу;</li> <li>- баланың қорқынышы мен мазасыздығына қатысты дұрыс реакция көрсетуге үйрету;</li> <li>- баламен сенімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</li> </ul>	<p>Мақсаты: алдыңғы кездесулерде балалар мен ата-аналардың алған дағдыларын бекіту.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналар мен балаларға өздерін қиындықтарды жеңе алатын біртұтас команда сияқты сезінуге көмектесу;</li> <li>- белсенді тыңдау және қолдау дағдыларын дамыту.</li> </ul>

**АТА-АНА ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН  
«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ»  
ТРЕНИНГ САБАҚТАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сабақ №	Ата-аналарға арналған сабақтар	Оқушыларға арналған сабақтар
<b>1–4 сыныптарға арналған сабақтар</b>		
<i>1-сабақ</i>	Тақырып: Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау Мақсаты: Ата-аналардың баланың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның жеке шекараларын сақтауға, зорлық-зомбылық белгілерін дер кезінде тануға және мазасыздық сигналдарына дұрыс әрекет етуге дайындығын қалыптастыру	Тақырып: Мен не дұрыс, не бұрыс екенін білемін! Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының жеке шекаралар мен зорлық-зомбылық түрлері туралы түсінігін қалыптастыру, зорлық әрекеттерін тану қабілетін дамыту және қауіпті немесе қолайсыз жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру.
<i>2-сабақ</i>	Тақырып: Цифрлық қауіпсіздік және баланы онлайн ортада қорғау Мақсаты: Ата-аналардың балаларға қатысты онлайн ортадағы зорлық-зомбылық тәуекелдері туралы хабардарлығын арттыру және оларды кибербуллингтен қорғау дағдыларын қалыптастыру	Тақырып: Ережесін білсем, интернет – менің сенімді досым Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының интернеттегі қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелері туралы түсінігін қалыптастыру
<b>5–9 сыныптарға арналған сабақтар</b>		
<i>1-сабақ</i>	Тақырып: Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет Мақсаты: Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғауға арналған жағдайларды қалыптастыру: қорғау ережелері және отбасындағы сенім мен жеке кеңістікті қабылдау ортасын құру	Тақырып: Зорлық-зомбылыққа жол жоқ; шекараңды таны, қорғануды үйрен! Мақсаты: Жасөспірімдерде зорлық-зомбылық мәселесіне саналы көзқарас қалыптастыру, жеке шекаралардың маңыздылығын түсіндіру және күнделікті өмірде оларды қорғау дағдыларын дамыту
<i>2-сабақ</i>	Тақырып: Бүгінгі жасөспірім: қауіптің белгілері және қорғану тәсілдері Мақсаты: Ата-аналардың цифрлық қауіпсіздік саласындағы құзыреттілігін дамыту, цифрлық іздің балалар қауіпсіздігіне әсерін түсіну, онлайн-зорлықты тану және алдын алу дағдыларын қалыптастыру	Тақырып: Цифрлық әлемде қорғанудың жолдары Мақсаты: Оқушыларда цифрлық кеңістіктегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын және цифрлық технологияларды жауапкершілікпен пайдалану көзқарасын дамыту

**10–11 сыныптарға арналған сабақтар**

<p><i>1-сабақ</i></p>	<p>Тақырып: Шекара мен қол- дау: жасөспірімге өмірлік сынақтарды еңсеруге қа- лай көмектесуге болады                  Мақсаты: Жасөспірімнің ата-а- наларында жеке шекаралар- дың және психологиялық қол- даудың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру, сенімді нығайтуға және жасөспірімнің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін кон- структивті қарым-қатынас дағ- дыларын дамыту</p>	<p>Тақырып: Жеке шекара және зорлық-зомбылық: көремін, түсі- немін, әрекет етемін                  Мақсаты: Жасөспірімдерде зор- лық-зомбылық пен жеке шекара- лардың бұзылуы мәселесін түсін- діру, әлеуметтік жағдайларды сыни бағалау қабілетін арттыру және тиімді өзін-өзі қорғау дағды- ларын дамыту</p>
<p><i>2-сабақ</i></p>	<p>Тақырып: Цифрлық әлем- дегі жасөспірімнің қа- уіпсіздігі мен жауапкершілігі                  Мақсаты: Ата-аналардың циф- рлық қауіпсіздік саласындағы функционалдық құзыреттерін дамыту, бұл жасөспірімдерді онлайн ортада тиімді қолдап, қорғауға мүмкіндік береді</p>	<p>Тақырып: Желідегі қауіптер және олардан қорғану жолдары                  Мақсаты: Жоғары сынып оқушы- ларында желілік қауіптерден қорғану тәсілдері туралы толық түсінік қалыптастыру</p>